

например Карагандинского политехнического университета, выпускники которого, привлекаются на работу в Департамент.

Именно качественный кадровый состав, актуальные компетенции сотрудников правоохранительных органов, являются одним из ключевых факторов, влияющих на раскрываемость правонарушений, в том числе уголовных, их всестороннее и объективное расследование.

Таким образом, можем констатировать, что вопросы рекрутинга не нашли своего массового развития в деятельности правоохранительных органов. В современных условиях кадровой работы применяются классические формы и методы отбора и приема на службу кандидатов. Данная практика, безусловно обусловлена требованиями законодательства о правоохранительной службе. Тем не менее, полагаем, что реалии сегодняшнего дня диктуют необходимость реформирования кадровой работы, в том числе с учетом инструментов рекрутинга. Именно такой подход позволит более эффективно противодействовать преступности.

#### Список литературы:

1. Кириллов К. От воина до менеджера. // Рекрутинг news. – 2011. – № 1.
2. Закон Республики Казахстан от 6 января 2011 года № 380-IV «О правоохранительной службе». – Электронный ресурс. Режим доступа: Закон о Правоохранительной службе РК 2025 Параграф

### **ЕСІРТКІ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ, ПСИХОТРОПТЫҚ ЗАТТАР МЕН ПРЕКУРСОРЛАРДЫҢ АЙНАЛЫМЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫСТАРДЫ ТЕРГЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Сейдығалиев Ж.Т., Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ 2 курс магистранты,  
Кусаинова Л.К., з.ғ.к., профессор, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ*

Есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымы қоғам үшін ерекше қауіпті қылмыстардың қатарына жатады. Бұл қылмыстардың айрықша ерекшелігі – оларды әдетте ұйымдасқан топтар немесе қылмыстық құрылымдар жүзеге асырады.

Халықтың денсаулығына қарсы қылмыстардың аса қауіпті түрі есірткі, психотроптық, күшті әсер ететін және улы заттарды заңсыз айналымға түсіруімен байланысты іс-әрекеттер болып табылады. Есірткі, психотроптық заттар, күшті әсер ететін және улы заттарды заңсыз айналымға түсіруге байланысты қылмыстардың тікелей объектісі - халықтың денсаулығы болып табылады. Қылмыстың заты есірткі заттар және психотроптық заттар [1].

Есірткі заттар - адамның психикасына әсер ететін, одан әрі организмді бүлдіретін синтетикалық немесе табиғи тектес заттардың жиынтығы. ҚР-сы Үкіметінің 2001 жылғы 7 қыркүйектегі №1162 қаулысымен бекітілген тізіміне медициналық мақсатқа пайдалануға тыйым салынған есірткі заттардың 72 атауы көрсетілген. Бұларға гашиш, наша, героин, кокаин, каннабис, апиын және т.б. заттар жатады [2].

Психотроптық заттар – адамның психикалық функциясына әсер ететін қауіпті заттар. Тізім бойынша мұндай заттардың 38 атауы берілген. Оларға аминорекс, месхалин, метамфетамин, псилоцин т.б. жатады. Есірткі, психотроптық заттарды оларды дайындауға пайдаланатын аспаптар немесе құралдарды, сонымен қатар прекурсорларды көлік құралдарын пайдалану арқылы немесе басқа да әр түрлі тәсілдермен арнайы рұқсатсыз орнынан ауыстыру үшін жасалған кез келген қасақана әрекеттерді, осы заттарды заңсыз тасымалдау деп түсіну керек. Бұл әрекеттерді есірткі, психотроптық затты, аспаптарды, құралдарды, прекурсорларды заңсыз тасымалдауы мүмкін. Белгілі бір есірткі немесе психотроптық заттың күшін көтеру үшін арнайы рұқсатсыз тазарту заңсыз ұқсату болып табылады. Құрамында есірткі зат бар өсімдіктерді кептіру, ұстау, кейбір бөлшектерден ажырату және басқа да түрлендіру заңсыз қайта өңдеу деп есептелмейді. Мұндай әрекеттер жеке қылмыс болып табылады [3].

Есірткі немесе психотроптық заттарды, оларды дайындайтын құрал-саймандарды, прекурсорларды бір жаққа заңсыз жөнелтуі дәл оларды кез келген байланыс құралымен, арнайы адам арқылы, санымен қатар құстар мен жануарларды пайдалану арқылы, жіберуді айтамыз. Есірткі заттар мөлшері ірі емес мөлшер, ірі мөлшерде және ас ірі мөлшерде болады.

Психотроптық заттарда есірткі заттар сияқты ірі емес мөлшерге, ірі мөлшерге және аса ірі мөлшерде болады. Есірткі психотроптық заттарды оларды дайындауға пайдаланылатын аспаптар

немесе құралдарды, сонымен қатар прекурсоралардың көлік құралдарын пайдалану арқылы немесе басқа да әртүрлі тәсілдермен арнайы рұқсатсыз орнынан ауыстыру үшін жасалған кезкелген қасақана әрекеттерді, осы заттарды заңсыз тасмалдау деп түсіну ерек. Бұл әрекеттердің есірткі, психотроптық затты, аспаптарды, құралдарды, прекурсораларды заңсыз иесі ғана емес, оның тапсырмасы бойынша басқа адам да тасмалдауы мүмкін. Мұндай ретте көрсетілген заттарды заңсыз тасмалдауды басқаларға тапсырған тұлға осы қылмыстың ұйымдастырушысы болып табылады. Егер есірткі, психотроптық заттың, аспаптардың, құралдардың, прекурсоралардың заңсыз иесі- өзіне тапсырылған жүктің сипатын анық білмейтін адамдар арқылы көрсетілген заттарды, аспаптарды, құралдарды тасмалдауды жүзеге асырса, онда ол қылмыстың ұйымдастырушысы емес, тікелей орындаушысы ретінде жауапқа тартылады. Осы көрсетілген әрекеттер (иемденіп алу, тасымалдау немесе сақтау) заңсыз болуы қажет. Яғни мұндай әрекеттер күзінреті органдардың немесе лауазымды адамдардың тиісті рұқсатынсыз жасалуы тиіс. Осы қылмыстың объективтік жағының міндеті белгісі заңда көрсетілген заттар мен нәрселерді ірі мөлшерде өткізу мақсатының орын алмауы болып табылады.

Есірткі бизнесіне қарсы әрекет етудің төмен тиімділігі ең алдымен, қатты әсер ететін өсімдікті және синтетикалық текті есірткілерді әкелуге құқық қорғау орындарының қарсы тосқауыл құра алмауынан көрінеді. Тап осыған байланысты оларды елге әкелудің барлық жаңа каналдары түсіндіріледі.

Қалыптасқан мұндай жағдайлардың негізгі себептері төмендегілерден көрінеді:

Біріншіден, есірткі тасымалдаудың көлемін азайту үшін мемлекеттік шекараны нығайту қажет болады. Бұл орайда әңгіме шекарадағы кеден және құқық қорғау орындары қызметінің тиімділігін арттыру туралы болып отыр;

Екіншіден, ұйымдасқан қылмысты қалыптастыру қызметіне кедергі жасайтын құқық қорғау орындары жұмысының нәтижелілігі, қанша бақылауда болса да төмен;

Үшіншіден, бұл саладағы келелі мәселелердің бірі сыбайлас жемқорлық, соның ішінде құқық қорғау жүйесі өкілдерінің есірткі бизнесімен айналысушы ұйымдасқан қылмыспен бірігуі.

Соңғы жылдары нормативтік-құқықтық база елеуір өзгерістерге ұшырады, ішкі істер органдарының құрылымы мен қызметін ұйымдастыруда, елдің саяси жүйесінде (биліктің бөлінуі), экономикалық жүйеде (меншік формаларының теңдігі) және мемлекеттік жүйесінде елеулі өзгерістер орын алды. Бұл өзгерістер Қазақстанның демократиялық, құқықтық, жалпыға ортақ игілігі бар мемлекет ретінде қалыптасуын айқындайтын жаңа принциптерді өмірге әкелді.

Мемлекеттің құқық қорғау қызметінің тиімділігі оның заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз етуіне байланысты. Мемлекеттік билік органдарының құқық қорғау қызметі:

- Заңдылықты сақтау (кейбір субъектілерге юрисдикция беру, құқықтық міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету);
- Әкімшілік өкілеттіктерді жүзеге асыру (әкімшілік және құқықтық дауларды, қылмыстық істерді қарау, заңды жауапкершілікті белгілеу).

Әкімшілік және юрисдикциялық қызметте мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары қолданылады, олар арнайы әкімшілік нормалармен реттеледі.

«Юрисдикция» – латын тілінен шыққан термин (*jurisdictio*), бұл сот өндірісімен байланысты ұғым ретінде қарастырылады. И.С. Перетерскийдің айтуынша: «Юрисдикция – бұл құқықтық нормаларды қолдану арқылы дауларды шешу немесе құқықты белгілеу үшін құзыретті органның қызметі» [4, 76б.].

Юрисдикция жиі сот талқылауы және құқықтық дауларды шешумен байланыстырылады. Кейбір көзқарастарға сәйкес, юрисдикция құзыретті мемлекеттік органдардың құқықтық дауларды шешу және қылмыстарды реттеу, құқықтық санкциялар қолдану өкілеттілігін білдіреді.

- Австралияда юрисдикция үкіметтік комиссиялардың қаржылай көмек көрсету өкілеттілігін қамтиды.
- Францияда юрисдикция сот және квазисот өндірісі аясында қарастырылады, құқықтық мәселелер мен актілердің заңдылығын қатаң ажыратады.

Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына байланысты қылмыстарды зерттеу барысында құқықтық және әкімшілік нормалардың даму тарихы маңызды рөл атқарады. Юрисдикцияның нақты анықтамасы құқық қорғау қызметінің тиімділігін арттыруда және қылмыстық заңнаманы жетілдіруде шешуші фактор болып табылады.

Арнайы әдебиетте «есірткі құралы» деп арнайы нормативтік актіде бекітілген, орталық жүйке жүйесіне әсер ететін, ағзаның жұмыс істеуін өзгертетін, үйреншіктік пен тәуелділікті туғызатын, оны тұтынатын адамның физикалық және психикалық жағдайына, құқықтық

қабілеттілігіне және әлеуметтік жағдайына зиян келтіретін химиялық зат немесе заттар қоспасы түсініледі.

«Есірткі құралы» ұғымының ғылыми анықтамасы келесі белгілер жиынтығын қамтиды:

- Құқықтық белгі – арнайы нормативтік актіде бекітілуі;
- Физикалық белгі – химиялық зат немесе заттар қоспасы болуы;
- Медициналық белгі – орталық жүйке жүйесіне әсер етуі;
- Әлеуметтік белгі – тұтынушыға және (немесе) айналасындағы адамдарға зиян келтіруі.

Қылмыстың жасалу жағдайы көп жағдайда қылмыс жасау тәсілін де, қылмыстық жазаланатын әрекет механизмінің құрылымын да алдын ала анықтайды. Әдетте, қылмыс жасау тәсілін іске асыру үшін сәйкес жағдай қажет, ол өз кезегінде қылмыс механизміне кіретін басқа элементтермен тығыз байланыста болады.

В.К. Гавлоның пікірінше, қылмысқа қатысты шындықты ашу үшін қылмыс жасалғанға дейінгі жағдайдың барлық компоненттері мен кезеңдерін кешенді түрде есепке алмай, іс бойынша шынайы мән-жайды анықтау мүмкін емес [5, 1976.].

Қылмыстың жасалу жағдайы мен мән-жайларын зерттеу – қылмыстық әрекеттің толық механизмін түсінудің кілті болып табылады, өйткені қылмыстық ниет пен оның объективті көрінісі арасындағы ішкі байланыс осы арқылы ашылады [6].

Қылмыс жасалғаннан кейін қалыптасатын жағдай қылмыстың дайындалу және жасалу кезеңдерінде орын алған барлық белгілерді толық көрсете алмайды. Мұндай өзгерістер белгілі бір уақыт кезеңінде орын алатын объективті және субъективті факторларға байланысты анықталады.

Осылайша, қылмыс жасау механизмі, оған ілеспе жағдайлар мен шарттардың негізгі элементтерін анықтау және талдау қылмысты тергеуді жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Мысалы, есірткі құралдарын заңсыз жөнелтуге байланысты қылмысқа дайындық барысында корреспонденцияның жөнелтушісі келесі белсенді әрекеттерді жүзеге асырады:

- қылмыстық мінез-құлықты модельдейді;
- оны іске асыруға қажетті құралдарды іздейді;
- есірткі заттарын сақтайтын орындарды анықтайды;
- қылмысқа қатысушылар арасында рөлдерді бөледі;
- есірткі заттарының алушысымен сөз байласады;
- іс-әрекеттердің сипаты мен кезектілігін анықтайды және т.б.

Тергеу және сот практикасы материалдарын талдау көрсеткендей, дайындық кезеңінде есірткі заттарын жөнелтуші қылмысты жүзеге асырудың барлық ұйымдастыру шараларын алдын ала ойластырады.

Дайындық әрекеттері:

- Заңсыз жөнелту үшін есірткі заттарын іздестіру (сатып алу, өндіру).
- Қылмысты жүзеге асыруға қажетті басқа құралдарды дайындау (орау материалдары, пошталық конверттер, бандерольдер, ілеспе құжаттар бланкілері және т.б.).

Есірткі заттарының қаптамасы олардың физикалық күйіне байланысты таңдалады:

1. Сұйық күйдегі есірткі заттары (мысалы, ацетилденген апиин) үшін сәйкес көлемдегі ыдыс таңдалады (шөлмектер, пробиркалар), бұл қылмыстық мақсатта есірткіні тасымалдау және оның иісін жасыру қажеттілігімен байланысты. Тергеу материалдарында есірткі заттарын сақтау үшін медициналық шприцтер, медициналық ампулалар, консерві банкілері және басқа да ыдыстар пайдаланылған жағдайлар анықталған.

2. Ұнтақ түріндегі есірткі заттары (мысалы, каннабис шайыры) қағаз қаптарға (дәптер парақтары, газет, фольга) немесе полиэтилен пакеттеріне салынады. Бұл қаптамалар үй жағдайында дайындалуы мүмкін.

3. Таблетка түріндегі есірткі заттары заводтық қаптамада да, онсыз да жөнелтіледі.

Жөнелтушінің әрекеттерін талдау қылмыстың механизмі мен дайындық кезеңінің ерекшеліктерін толықтай ашып көрсетеді. Есірткі құралдарын тасымалдау барысында қолданылатын орау материалдары, оларды жасыру тәсілдері мен құралдары тергеу кезінде ерекше назар аударуды қажет етеді.

Қылмыстарды тергеудің жеке криминалистикалық әдістемесі құрылымдық элемент ретінде тергеу жағдайларының типтік сипаттамасын және тергеушінің бастапқы және кейінгі тергеу кезеңдеріндегі әрекеттерін жоспарлау ерекшеліктерін қамтиды.

Тергеу жағдайлары қылмысты тергеу барысында қалыптасады және дамиды, сондықтан олардың типизациясы мен жеке криминалистикалық әдістемелерде баяндалуы тергеу кезеңдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Тергеу бағытын және бағдарламасын таңдау көп жағдайда қылмыстық іс қозғалған сәтте қалыптасатын тергеу жағдайына байланысты.

Бастапқы кезеңнің ерекшеліктері:

Бастапқы тергеу кезеңі қылмыс жасалуы немесе дайындалып жатқаны туралы хабарлама түскен сәттен бастап, бастапқы материалдарды тексеру мен алғашқы тергеу әрекеттері және жедел-ізвестіру шараларының толық кешенін жүргізуге дейінгі уақыт аралығын қамтиды.

И.М. Лузгиннің пікірі бойынша, тергеу кезеңі дегеніміз – тергеудің өзара байланысты жүйелік әрекеттер жиынтығы, оларды біртұтас міндеттер, тергеу шарттары және криминалистикалық тәсілдердің ерекшелігі біріктіреді [7, 86б.].

Бұл жүйелі әрекеттер тергеудің әр кезеңіне сәйкес жоспарланып, қылмысты ашу және тергеу міндеттерін тиімді орындауға бағытталады.

Сонымен бірге, Г.М. Меретуковтың айтуынша, дәлелді, мақсатты және тиімді тергеу жұмыстарын жүргізу үшін, тергеуші немесе анықтаушы қылмысты тергеудің әр кезеңінде шешіліп қойған міндеттерді алып тастап, қалған міндеттердің қайсысы алғашқы кезекте орындалатынын және оларды қандай бағытта шешу керектігін нақты айқындауы қажет [8, 2б.]. Бұл ретте тергеудің жеке қылмыс түрі мен тергеу жағдайының ерекшеліктері ескерілуі тиіс.

Есірткі құралдарын заңсыз жөнелту қылмысын тергеу барысында тергеушінің әрекет алгоритмі келесідей ұсынылады:

1. Бастапқы тергеу жағдайын талдау және бағалау;
2. Зерттеліп отырған қылмыстың негізгі мән-жайларына қатысты болжамдар (тергеу нұсқаларын) ұсыну;
3. Тактикалық міндеттерді айқындау және тергеуді жоспарлау;
4. Тергеу нұсқаларын тексеру үшін тергеу әрекеттері мен тактикалық операцияларды жүргізу;
5. Қойылған тактикалық міндеттерді шешу.

Осылайша, есірткі құралдарын заңсыз жөнелту қылмысын тергеу барысында тергеу шешімдері алдын ала тергеудің нақты кезеңінде қалыптасқан тергеу жағдайына байланысты қабылданады. Бұл тәсіл тергеудің жүйелілігін және тиімділігін қамтамасыз етеді.

Біздің тергеу және сот практикасы материалдарын талдауымыз көрсеткендей, бұл қылмыс түрлері бойынша қылмыстық істер қозғаудың ең көп таралған себебі – басқа көздерден алынған, қылмыс жасалғаны немесе дайындалып жатқаны туралы ақпарат болып табылады. (зерттелген қылмыстық істердің 92%-ында анықталды).

Қылмыстық істерді қозғаудың негізі – есірткі құралдарын заңсыз жөнелту белгілерін көрсететін жеткілікті деректердің болуы. «Жеткілікті деректер» санаты бағалау ұғымы болып табылады және істің нақты мән-жайлары негізінде анықталады.

Л.Л. Каневскийдің пікірінше, тергеу жағдайы тергеудің негізгі бағыттарын, алдын ала тергеу барысында шешілетін тактикалық міндеттердің сипатын айқындайды [9, 68б.]. Сондықтан, дәлелдемелік ақпаратты, тергеудің жағдайын талдамай және қылмыстық іске қатысы жоқ сыртқы факторларды ескермей, атап айтқанда адамгершілік-психологиялық ахуалды, жалпы тергеу жағдайы мен шарттарын есепке алмай, бұл міндеттерді шешу мүмкін емес.

Осыған байланысты, тергеу жағдайын белгілі бір кезеңде қалыптасқан және тергеушінің шешім қабылдаудағы негізгі қызмет бағыттарын айқындайтын тергеуге тән факторлардың жиынтығы ретінде түсіну – оның мәнінің тек сыртқы көрінісін ғана білдіреді. Бұл жерде ішкі (психологиялық) аспектілер назардан тыс қалады.

Р.С. Белкин тергеу жағдайының құрамына келесі компоненттерді енгізеді:

1. Ақпараттық компонент;
2. Адамгершілік-психологиялық компонент;
3. Процессуалды-тактикалық компонент;
4. Ұйымдастырушылық компонент [10, 465б.].

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, тергеу жағдайын шешім қабылдау процесін және тергеу бағыты мен бағдарламасын таңдау негіздерін айқындайтын сыртқы объективті факторлар мен ішкі психологиялық компоненттердің өзара байланысы ретінде анықтауға болады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР Қылмыстық кодексі, 2014 жыл 3 шілдед № 226-V (19.06.2024 №94-VIII өзгертулер мен толықтыруларды қоса) <http://adilet.zan.kz/kaz/>.
2. Қазақстан Республикасының есірткі құралдары мен психотроптық заттарды қажетсінуінің нормалары туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 7 қыркүйек №1162
3. Сарсембаев Б.Ш. Понятие и признаки наркотических средств, психотропных веществ и их аналогов в республике казахстан. Теоретические аспекты юриспруденции и вопросы правоприменения. Сборник статей по материалам XVII международной научно-практической конференции. 2018.
4. Ураков И.Г. Наркомания: Мифы и действительность. - М.,1990. - С.76.
5. Гавло, В.К. Теоретические проблемы и практика применения методики расследования отдельных видов преступлений. – Томск, 1985. – С. 197.
6. ҚР Қылмыстық-процестік кодексі, 2014 жыл 4 шілде № 231-V (19.06.2024 №94-VIII өзгертулер мен толықтыруларды қоса) <http://adilet.zan.kz/kaz/>.
7. Лузгин, И.М. Методологические проблемы расследования. – М., 1973. – С. 86
8. Меретуков, Г.М. Типичные следственные ситуации и версии при расследовании незаконного изготовления, приобретения, хранения, перевозки или сбыта наркотических средств. – Краснодар, 1990. – С. 2.
9. Каневский, Л.Л. Криминалистическая характеристика преступления, криминальные и следственные ситуации и их значение в раскрытии и расследовании преступлений несовершеннолетних // Вопросы совершенствования борьбы с преступностью несовершеннолетних. – Уфа, 1983.
10. Белкин, Р.С. Курс советской криминалистики. – М., 1978. – С. 16; Пантелеев, И.Ф. Криминалистика: учебник. – М., 1988. – С. 465.

### **ПРОТИВОДЕЙСТВИЕ ТРАНСНАЦИОНАЛЬНОЙ ОРГАНИЗОВАННОЙ ПРЕСТУПНОСТИ**

*Сидорова Н.В.*, ассоциированный профессор кафедры уголовного права, процесса и криминалистики Карагандинского университета имени академика Е.А. Букетова, к.ю.н., доцент  
*Избанова С.К.*, магистрант 1 курса юридического факультета  
Карагандинского университета имени академика Е.А. Букетова

Противодействие транснациональной организованной преступности, посредством определения их уголовно-правовых характеристик, а также выработки рекомендаций их криминализации в национальном законодательстве и борьбе с ними является важнейшим направлением уголовной политики Республики Казахстан. Кроме того, данное направление является и приоритетом и внешней политики Республики Казахстан на 2020 – 2030 годы в соответствии с Концепцией внешней политики Республики Казахстан [1].

Отличительной чертой транснациональной организованной преступности является более ограниченный круг государств, интересы которых затрагивают такие преступления, в отличие от международных преступлений. То есть они посягают не на интересы всего международного сообщества, а на интересы нескольких государств. Кроме того субъектами данных преступлений являются лишь физические лица, юрисдикция является внутригосударственной. В настоящее время в мире отмечается значительный рост преступности имеющей транснациональный и организованный характер. Самостоятельно государству не под силу справиться с данным криминальным явлением, а сотрудничество в данной области зависит от того, в какой мере преступления затрагивают интересы международного сообщества и отдельно взятых стран.

Правовую основу противодействия транснациональной организованной преступности составляют международные конвенции, которые в случае ратификации государствами содержат нормы «жесткого» права, то есть обязательного для государств участников. Императивный характер данных норм связан с обязательством криминализации таких преступлений во внутригосударственном праве, а также имплементации иных положений конвенций о реализации мер по предупреждению таких преступлений и борьбе с ними. Дополнительно в конвенциях содержатся требования соблюдения юрисдикции, регулируются вопросы взаимодействия